

## **ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҚ ПІКІРІ**

**Қожаева Айгерім Романқызының 8D09101 – «Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған «Жайық популяциясы киіктегінде ценурозы мен мониезиозының клиникалық-патоморфологиялық аспектілері» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына**

**Орындалған жұмыстың өзектілігін, оның қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығын негіздеу. Киік – қуысмұйызділер тұқымдастарының (*Bovidae*), жүп тұяқтылардың отрядының (*Artiodactyla*) бүтінгі күнге дейін сакталған «тірі қазба» өкілдерінің бірі болып табылады.**

Соңғы уақытта Батыс Қазақстан облысында киіктердің "жайық" популяциясының (*Saiga tatarica*) саны құрт өсті, киіктер арасында әртүрлі паразиттік аурулардың, соның ішінде гельминтоздардың (ценуров және мониезиоз) клиникалық белгілері мен патологиялық анатомиялық өзгерістерінің көріністері жиілеп кетті.

**Докторант сүйенетін негізгі ғылыми және әдістемелік ережелерді ашу.** Докторант өз диссертациялық жұмысында теориялық, әдістемелік, клиникалық, патологиялық, гистологиялық зерттеу әдістерін пайдаланды. Алынған нәтижелердің негізділігі мен сенімділігі зерттеу барысында зертханалық зерттеулермен расталды.

**Докторанттың алған ғылыми нәтижелері мен олардың негізділігі.** Ғылыми жұмыстың зерттеу нәтижелері киіктердің ценурозы мен мониезиозы туралы ілімді біршама толықтырады және патологиялық анатомиялық сойып зерттеу және басқа ұқсас аурулардан ажыратса тану мүмкіндігін жоғарылатады. Жәнгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінде жүргізілетін «Жануарлар патологиясы жарып сою негіздерімен» және «Соттық ветеринария жарып сою негіздерімен» пәндері бойынша оқу процесіне енгізілген.

Өзіндік зерттеу бөлімінде Жайық популяциясы киіктегінде ценурозы мен мониезиозын зерттеу нәтижелері негізінде киіктердің ценурозы мен мониезиозындағы клиникалық-патоморфологиялық аспектілер зерттеліп, гистологиялық зерттеулер нақтыланды және алдын алу шаралары әзірленді. Диссертация кіріспе бөлімінде тақырыптың өзектілігі, жұмыстың мақсаты, міндеттері, зерттеу объектілері, қысқаша жұмыстың мәні мен қорғалатын ережелері көрсетілген. Диссертациялық жұмыс бойынша толық қорытындылар жасалған.

**Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастыры.** Диссертациялық жұмыста алынған нәтижелер ішкі бірлікпен сәйкес келеді. Зерттеу нәтижелері бойынша 16 ғылыми жұмыс жарияланды: оның ішінде 2 - Scopus дерекқорына енгізілген рецензияланған ғылыми журналдарда, 4 - КР Ғылым және жоғары білім министрлігінің білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған баспаларда, 4 - халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар материалдарында жинақтарында жарияланды. 1 пайдалы модельге патент алынды және 2 ұсыныс әзірленді.

**Докторанттың зерттеулерге қосқан жеке үлесі, зерттеу көлемі.** Ұсынылған диссертациялық жұмыс автордың өз бетінше орындалап, аяқтаған ғылыми-зерттеу

жұмысы болып табылады және PhD докторы дәрежесін алу үшін диссертациялар жөніндегі Комитеттің талаптарына толық сәйкес келеді. Жалпы жасалынған ғылыми жұмыс жаңалығы жағынан уақытқа сай, ғылымға қосқан үлкен зерттеу жұмысы болып табылады.

**Докторанттың зерттеуші ретіндегі сапасы, ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі.** Ізденушінің диссертациялық жұмысы ғылыми-әдістемелік түргыдан жоғары деңгейде орындалған. Диссертацияда алынған ғылыми зерттеу нәтижелері өзінің жаңалығымен ерекшеленеді, сонымен қатар ғылыми салаға және өндіріс мамандары үшін теориялық және тәжірибелік маңызы бар деп есептеймін. Диссертациялық жұмысты орындау барысында автор көптеген шет елдік және отандық ғалымдардың еңбектерін көздері тиімді пайдалана білген. Диссидент зерттеу тақырыбы бойынша қызығушылық, ғылыми жұмыста еңбексүйгіштік, табандылық және дербестік танытты. Ғылыми зерттеу жұмыстарының әдістемесін тез менгеріп, өздігінен жұмыс барысында пайдалана білді. Алынған нәтижелерді өздігінен талдау жасауға дағыланды.

**Корытынды.** Диссертациялық жұмыс нәтижелері ветеринария саласының мамандарына, ауылшаруашылық мамандарына, зерттеуші-ғылыми қызметкерлерге, оку процесіне, инновациялық жобаларға негіз бола алады.

Жоғарыда айтылғандай. Қожаева Айгерім Романқызының «Жайық популяциясы киіктерінің ценурозы мен мониезиозының клиникалық-патоморфологиялық аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің докторлық диссертацияға қойылатын талаптарына сай орындалған, ал докторант 8D09101 – «Ветеринариялық медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санаймын.

### Ғылыми кеңесші:


«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАК,  
«Ветеринариялық медицина және  
мал шаруашылығы»  
институтының профессоры, в.ғ.д.



Пікір беруші в.ғ.д.  
К.Ж.Кушалиевтің  
қолын растаймын,  
Ғалым хатшы:



К.Ж.Кушалиев



С.М.Баянтасова